

Солтүстік Қазақстан облысы Целинный ауданының әкімшілік-аумақтық құрылымындағы өзгерістер туралы

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты және облыс әкімінің шешімі 2000 жылғы 27 қазандағы N 207 Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 11.12.2000 жылы N 190 тіркелді

Целинный аудандық мәслихаты сессиясының және аудан әкімінің өтініштері негізінде және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Z934200_ Заңның 11-ші бабына сәйкес облыстық мәслихаттың II сессиясы және облыс әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Оны Тахтаброд селолық округінің құрамынан шығару және оған Салқынкөл, Тахты селоларын қосу жолымен Салқынкөл селолық округі құрылсын. Округтің әкімшілік орталығы болып Салқынкөл селосы белгіленсін.

2. Оны Андреев селолық округінің құрамынан шығару және оған Гавриловка, Сарыбұлақ селолары мен Мәдениет ауылын қосу жолымен Қоғалыжар селолық округі құрылсын. Округтің әкімшілік орталығы болып Гавриловка селосы белгіленсін.

3. Оны Новосельский селолық округінің құрамынан шығару және оған Шұқыркөл, Қарағаш, Қазақстанның 15 жылдығы селоларын қосу жолымен Шұқыркөл селолық округі құрылсын. Округтің әкімшілік орталығы болып Шұқыркөл селосы белгіленсін.

4. Целинный ауданының әкімі (Сүлейменов С.И.) құрылған селолық

округтер аппараттарын ұстауға қаржы іздестіруге, аудандағы әкімшілік-аумақтық өзгерістермен байланысты қажетті процессуалдық іс-қимылды екі ай мерзімде жүргізуге міндеттелсін.

5. Целинный ауданының әкімі (Сүлейменов С.И.) осы шешімнің орындалуы туралы 2000 жылғы 1 желтоқсанда хабарлайтын болсын.

Облыстық мәслихат	Облыс
VII сессиясының	әкімі
төрайымы	

(Маман: Д.Қ. Ысқақова)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК